

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 шілдедегі N 905

"Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 281-бап) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 шілдедегі
N 905 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

1. "Қазақ КСР территориясында шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындар мен ұйымдар құрудың және олардың қызметінің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 31 қазандағы N 661 қаулысы (Қаз.КСР ҚЖ. 1991 ж . , N 2 4 , 1 7 8 - б а п) .

2. "Қазақстан Республикасының шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1073 қаулысы.

3. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1327 қаулысымен бекітілген заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 32, 4 0 7 - б а п) .

4. "Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (жалпы бөлім) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы N 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 6, 26-б а п) .